

Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану және жою туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 тамыздағы № А-8/372 қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігі қаулыларының күші осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.

2. Ақмола облысы әкімдігі қаулыларының күші осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жойылсын.

3. Ақмола облысы әкімдігінің осы қаулысы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С.Кулагин

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 04 тамыздағы
№ А - 8 / 3 7 2 қаулысына
1-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № А-3/98 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4136 болып тіркелген , «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 29 мамырда жарияланған);

2. «Техникалық инспекция саласында мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4162 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2014 жылғы 14 маусымда жарияланған);

3. «Автомобиль көлігі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № А-4/157 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4220 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2014 жылғы 3 шілдеде жарияланған);

4. «Субсидиялардың көлемін белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № А-7/311 қаулысы;

5. «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № А-6/315 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4326 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 24 қыркүйекте жарияланған);

6. «Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № А-4/157 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 7 тамыздағы № А-7/347 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4341 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 24 қыркүйекте жарияланған);

7. «Техникалық инспекция саласында мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № А-3/106 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № А-11/574 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде № 4556 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Акмолинская правда» газеттерінде 2015 жылғы 29 қаңтарда жарияланған).

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 04 тамыздағы
№ А - 8 / 3 7 2 қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № А-6/268 қаулысы;

2.«Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № А-6/271 қаулысы;

3. «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № А-6/272 қаулысы.